

Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

Кафедра:Биофизика және биомедицина

Факультет:Биология және биотехнология ББП 17-02

Тақырыбы: 1.Білім беру заңы
2.Басқару және менеджмент

Орындаған:Сәмет Ұ.С.

Қабылдаған:Есенова К.А.

Алматы,2019

**Қазақстан Республикасының білім беру туралы заңы-
республика азаматтарының білім алуға конституциялық құқын
қамтамасыз етуге арналған заң.**

- 1) Алғаш рет 1999 жылы 7 маусымда қабылданды.
- 2) ҚР "Білім Туралы» заңы 2007 жылы 27 шілдеде қайта қабылданды.
- 3) 2011 жылы 24 қазанда толықтырулар мен өзгерістер енгізілді.
- 4) Заң 12 тараудан, 68 баптар тұрады.

- **1 тарау.** Жалпы ережелер. 1,2,3 баптан тұрады. Бұл тарауда заңда қолданылатын негізгі ұғымдар, білім беру саласындағы мемлекеттік міндеттер айтылады.
- **2 тарау.** Білім беру жүйесін басқару. 4-9 аралығындағы баптардың тұрады. Тарауда Білім беру саласындағы күзiреттер, мемлекеттік кепiлдіктер, оқыту және тәрбиелеу тiлі туралы айтылады.
- **3 тарау.** Білім беру жүйесі. 10,11,12 баптардың тұрады. Тарауда жалпы білім беру жүйесі ұғымына, міндеттеріне, деңгейлеріне түсінік беріледі.
- **4 тарау.** Білім беру мазмұны. 13-25 аралығындағы баптардан тұрады. Тарауда Білім беретін оқу бағдарламалары туралы анықтама беріледі.
- **5 тарау.** Білім беру қызметін ұйымдастыру. 25-39 аралығындағы баптардан тұрады. Тарауда жалпы талаптар, оқу және тәрбие процестерін ұйымдастыру, Білім берудің түрлеріне түсінік беріледі.
- **6 тарау.** Білім беру қызметінің субъектілері. 40-49 аралығындағы баптардан тұрады. Тарауда Білім беру ұйымының жалпы міндеттері, мақсаттары, жауапкершілігі жайында айтылады. Сонымен қатар, білім алушы мен білім берушінің, ата-аналардың құқықтары, білім алушының денсаулығын сақтау жайлы айтылған.

- **7 тарау.** Педагог қызметкердің мәртебесі. 50-53 аралығындағы баптардан тұрады. Тарауда педагогтың міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі туралы түсінік берілген.
- **8 тарау.** Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу. 54-60 аралығындағы баптардан тұрады. Бұл тарауда білім беру сапасына мемлекеттік бақылау жүргізілуі, бақылау жүргізетін тұлғалардың міндеттері жайлы айтылған.
- **9 тарау.** Білім беру жүйесін қаржылық қамтамасыз ету. 61-64 аралығындағы баптардан тұрады.
- **10 тарау.** Білім беру саласындағы халықаралық қызмет. 65,66 баптардан тұрады.
- **11 тарау.** ҚР білім беру заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық. 67 баптар тұрады.
- **12 тарау.** Қорытынды ережелер. 68 баптан тұрады.

БАСҚАРУ

МЕНЕДЖМЕНТ

Анықтамасы

Басқару - реттеуге, қорғауға, қойылған мақсатқа сай нысанның жүйесін өзгертуге немесе жоюға бағытталған, субъектінің нысанға әрекет ету процесі

Менеджмент –бұл ұйым мақсаттарына жету үшін адамның материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымдылау пайдалану процесі

Айырмашылығы

Басқару дегеніміз басқарылушыға өнімді, пайдалы жұмыс істету әрекеті.

Ұйымда немесе кәсіпорында жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу

Өзіндік ой

Басқару алға қойған мақсатты жүзеге асыру негізінде орындалатын іс-әрекетті алдын ала жоспарлап, ұйымдастыру және оны бақылау.

Менеджмент адамдарды басқару арқылы, оларды біріктіріп, өз мақсатына жету.



